

Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Шалқия кенті әкімінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 150 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 8280 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 3 қорытындысына сәйкес Шалқия кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы, Шалқия кентінің атауы жоқ көшесіне "Төребек Сапарбаев" есімі берілсін.
2. Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, Құттықожа ауылының атауы жоқ көшесіне "Қойшыбай Жармұхамедов" есімі берілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шалқия кентінің әкімі

А. Сабырханов